

Бекітемін:

«Алтын Самұрық»

бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі: Мырсейтова Э.



## Ертеңгілік: Армысың Әз-Наурыз !

Тобы: «Болашақ»

«Құлыншақ»

Тәрбиешілер: Кенжеева Ұ.

Бекметова Ш.

2024-2025 оқу жылы.

## Армысың Әз-Наурыз !

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Тәрбиелігі:** Сахна мәдениетіне баулу. Көңілді орта қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Танымдық қабілеттерін дамыту.

**«Наурыз той»** әнімен балалар, көңілді болып, ән-күй бөлмесіне кіреді.

Шаңырақ ішінде әже күтіп алады: -Қош келдіңдер, менің кішкентай немерелерім! Келіндер жоғары шығындар! Мереке құтты болсын!

**Жүргізуші:** Армысыздар апайлар, балалар. Бәріміздің асыға күткен-Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Күн мен түннің теңеліп, жер бетінің жаңаратын кезеңі, қазақтың жаңа жылы-Наурыз мерекесі.

Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетейік, жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға

Жырдан шашу шашайық.

-Ортамызда балабақшамыз менгерушісі Мырсейітова Эльмира апайымызға сөз кезегін берсек, мерекеге ақ тілегін білдірсе.

**Жүргізуші:** -Сыртан дыбыс шығып жатыр, бізге қонақ келе жатыр, кім келді ?

**Шолпан әже:** -Амансыңдарма сүйкімді балалар.

-Қазір жылдың қай мезгілі ?

-Көктем мезгілі.

-Көктем мезгілінде біз наурыз мерекесін тойлаймыз, қар еріп, күн жылынады. Төрт-түлік төлдеп, қора малға толады. Жер жасарып, құлпырады.

**Жүргізуші:** -Әже, амансызба, -төрлетіңіз, жайғасыңыз. Біздің топтың балаларының биін тамашалаңыз.

**Ұлдар биі: «Шабандоздар»**

**Алдар Көсе:**

Мен Алдармын, Алдармын,

Балалармен ойнаймын.

Ренжітер сәбилерді,

Тентектерден қорғаймын.

Құтты болсын Наурызым!

Қарным тойған күлкіге,

Базарлығым тағы бар,

А-а-а-а-а-а-а-а.

**Жүргізуші:** Қош келдің, Алдар Көсе балаларымыздың өнерін бірге тамашалаңыз.

**Алдар көсе:** -Ей балалар, балалар,

Енді маған қараңдар.

Наурыз тойын тойлайық,

Қызық ойын ойнайық.

**«Арқан тартыс» ойыны:** -Қане күштеріңді байқайық.

**Шартты:** балаларды екі топқа бөліп, ортаға арқан беріп, балаларға арқанды ұстатып, тарту. Жеңіске жеткен топты жариялау.

**Қыздар биі: «Өзбекше».**

**Шолпан әже:** -Балалар өмірге менің кішкентай немерем келді, -қане салт-дәстүр бойынша немеремді бесікке салайық.

**«Бесікке салу»**

-Бұл-бесік. Бесіктің жабдықтарын айтып өтейін. Көрпесі, жастықшасы, баулары, аяқбауы, жөргегі, түбегі, шүмегі болады.

-Ал енді бесікті дайындап, бөбегімізді дайындап жатқызайық.

-Бесікке баланы салмас бұрын, аластап алған дұрыс.

-Шырпыны жағып,отпен аластайды.(сіріңкені көрсетеді)

Алас-алас,алас,

Бар пәледен алас.

Барлық пәле желмен кетсін.

Ағынды сумен кетсін.

Алас-алас,алас.

-Енді тыштыма рәсімін жасайық.

Тышты,тышты,тышты ма ?

Балалар хормен:Тышты,тышты.

«Әлди» әнін айту.

**Жүргізуші:**Ортада сұлу қыздарымыздың «Өзбек биі»

**Алдар Көсе:**-Кел,балалар ойнайық,

Ойнайық та ,көңілімізді көтерейік.

**«Асық ойнау»-**

**Шарты:**Шеңбер ішіндегі асықтарды қолмен шертіп қозғалту.

**Ұлдар биі «Қаражорға»**

Уа халайық,халайық.

Ақ сандықты ашайық.

Бұл мереке,бұл тойды,

Шашуларын шашайық.

Ортада сұлу қыздарымыздың «**Қамажай**» биі

**Шолпан әже-**Ал кішкентай немерелерім,бүгін менің кішкентай немерем бір жасқа толып,алғашқы қадамын жасап жатыр,қане қазақтың салт-дәстүрімен бөбектің тұсауын кесейік.

**«Тұсау кесер»**

Қаз,қаз балам,қаз балам,

Қадам басаң мәз болам.

Қадамыңды санайын,

Тұсауыңды кесейін.

Күрмеуіңді шешейін.

-Балабақшамыздың меңгеруші апайымыз бөбектің тұсауын кесті.

-Шашу шашылады.

**«Наурыз-көктем» әні**

**Жүргізуші:** Осымен Наурыз мерекесіне арналған «Армысың-Әз Наурыз» ертеңгілігіміз аяқталды.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Еліміз аман-жұртымыз тыныш болсын, балабақшамыз бөбектердің күлкісіне толсын !

